

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№4 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

21 қараша 2024 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2024 жылдың 21 қарашасы, сағат – 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024-2025 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білімгерлерге ұсынылатын дипломдық жоба тақырыптарын және сын-пікір берушілер тізімін бекіту туралы (Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

2. 2024-2025 оқу жылына бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудың өткізу нысанын бекіту туралы (Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы – Л.Ибрагимова);

3. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын бекіту туралы (Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).

4. 2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы туралы (Баяндамашы: Факультет декандары, Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы – С.Мухиддинова);

5. Әртүрлі мәселелер

5.1. Білім беру бағдарламаларын ББ реестірінен шығару туралы (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Шахабаев);

5.2. Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру оқу бағдарламаларын бекіту (Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбусинова);

5.3. Университет ОПК дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (Баяндамашы: Факультет төрағалары).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024-2025 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білімгерлерге жоғарыдағы кестеге сәйкес ұсынылған дипломдық жоба тақырыптары және сын-пікір берушілер тізімін бекітілсін (Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы-Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. Факультет декандарының ұсынысы негізінде 2024-2025 оқу жылында білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қорытынды аттестаттау нысандары тізім бойынша бекітілсін (Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы – Л.Ибрагимова).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімі және бағдарламалары бекітілсін (Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы-Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1. Түлектердің табысты жұмысқа орналасуын талапқа сай жүзеге асыру үшін кадр даярлаушы кафедраларда бекітілген іс-шара жоспарларының орындалуына үздіксіз талдау жасалсын және факультет Кеңесінде талқылансын (*жауапты - факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі ай сайын*);

4.2. Жұмыс берушілердің сұраныс-өтінімі бойынша бос жұмыс орындары түлектер мен бітіруші курс білім алушылар назарына ұсынылсын, ақпараттық-таныстыру жұмыстары жүргізілсін және осы бос жұмыс орындарына түлектер мен бітіруші курс білім алушыларының жұмысқа орналасуына ықпал жасалсын (*жауапты – факультет деканы, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі ай сайын*);

4.3. Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру мен Экономика, басқару және құқық факультеттері келесі аптада түлектердің жұмысқа орналасу туралы мәліметтерді Оқу-әдістемелік комитет төрағасына жеке ұсынсын (*жауапты – факультет деканы, кадр даярлаушы кафедра*

меңгерушілері және Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі 28.11.2024ж.).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. Соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты 6B01683- Дінтану және 8D06109- Математикалық және компьютерлік модельдеу білім беру бағдарламалары ББ Реестірінен шығару үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын *(жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Шахабаев).*

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.2. Денсаулық сақтау саласының мамандарына арналған біліктілікті арттыру оқу бағдарламалары төмендегі тізімге сәйкес бекітілсін *(Жауапты: Коммерцияландыру офисі, жоба менеджер – З.М. Байбусинова)*

1) «Қан тобын анықтаудың және қан туындыларын құюдың өзекті мәселелері» 120 сағат/4 кредит. Құрастырушылар: м.ғ.к., доцент Хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі Жунусов М.С., м.ғ.д., профессор Хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры Сейдинов Ш.М. және м.ғ.к., Хирургиялық аурулар кафедрасының доцент м.а. Тулежанов Н.К.

2) «Жалпы тәжірибелік дәрігер тәжірибесіндегі кардиологияның өзекті сұрақтары» 60 сағат /2 кредит. Құрастырған: Жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының аға оқытушысы Джакипбекова Ж.Ж.

3) «Жалпы тәжірибелік дәрігер тәжірибесіндегі кардиологияның өзекті сұрақтары» тақырыбында 120 сағат /4 кредит. Құрастырған: Жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының аға оқытушысы Джакипбекова Ж.Ж.

4) «КТ диагностика патологии опорно-двигательного аппарата» тақырыбында 120 сағат/4 кредит. Құрастырғандар: «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедра меңгерушісі, м.ғ.к. Шапамбаев Н.З., «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедра аға оқытушысы, м. ғ. к., Кулаев К. және м.ғ.к. Жанабекова Р.

5) «Эхокардиография врожденных пороков сердца у детей ранних лет жизни» тақырыбында 120 сағат/4 кредит. Құрастырғандар: «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедра меңгерушісі, м.ғ.к. Шапамбаев Н.З., «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедра аға оқытушысы, м. ғ. к., Кулаев К. және м.ғ.к. Жанабекова Р.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.3.Төмендегі тізімде көрсетілген оқу құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

5.3.1 Инженерия факультеті, Компьютерлік инженерия кафедрасының аға оқытушысы, Е.З.Уксикбаев, оқытушы А.С.Баймаханова, аға оқытушы Н.Т.Тойлыбаева және аға оқытушы Ә.Т.Баялы дайындаған «Криптографиялық қорғау әдістері» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);


5.3.2 Дайындық орталығы, Қазақ, орыс тілдері бөлімінің п.ғ.д., профессор Қ.Қадашева, Назарбаев университеті, Қазақ тілі және Түркітану департаментінің қауымдастырылған профессоры З.Н.Жуматаева, ф.ғ.к. Ш.Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қолданбалы лингвистика бөлімінің басшысы С.Қ.Омарова, п.ғ.к., аға оқытушы А.Қ.Мырзаханова, Қазақ филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доцент Ж.И.Исаева, магистр оқытушы Б.Р.Айтбаев, магистр оқытушы Г.М.Арысова, магистр оқытушы Ж.Б. Базарова, магистр оқытушы Е.Қ.Төлежановтың дайындаған Рухани қала – Түркістан. Бейнефильм және оқу құралы жасанды интеллекті (AI) көмекшілеріне негізделген» оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.3.3 Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Г.Жылқыбайдың «Тіл білімі тарихы» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.3.4 Медицина факультеті, Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер кафедрасының PhD, аға оқытушысы Ф.Н.Саржанов және PhD, аға оқытушы Б.Ә. Омарованың дайындаған «Методы исследования в области здравоохранения» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.3.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті, Акушерлік-гинекология кафедрасының аға оқытушысы Э.Н.Алиеваның «Экстрагенитальная патология и беременность» оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен).

Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы



И.Б. Усембаева